

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Академиялық сапа кеңесі туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**Е ҚазҰАЗУ АСК-449**

**Келісімделген  
Сапа жөніндегі басшылық өкілі**


**М. Алексеева**

**Әзірлөгендер:**

А. Абдыров, Ж.Кусаинова, А.Койшибаев, Ж. Кенжебекова

**Келісімделді:**

Басқарма Төрағасы-Ректордың  
Бірінші орынбасары

  
(колоы)  
«26» 03

П.Ибрагимов

2025 ж.

Басқарма Төрағасы  
Ректордың орынбасары

  
(колоы)  
«26» 03

А.Абдыров

2025 ж.

Тәрбие ісі жөніндегі  
Проректор

  
(колоы)  
«26» 03

А.Ералиева

2025 ж.


Академиялық мәселелер жөніндегі  
департамент директоры

  
(колоы)  
«26» 03

Г.Алпысбаева

2025 ж.


Фылым департаментінің  
Директоры

  
(колоы)  
«26» 03

А.Султанов

2025 ж.

Құқықтық қамтамасыз ету  
бөлімінің бастыбы

  
(колоы)  
«26» 03

С.Ордабаева

2025 ж.

СМЖ Қызметінің жетекшісі

  
(колоы)  
«26» 03

А.Мыржиева

2025 ж.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ Фылыми кеңесінің шешімімен  
бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

(№ 9 хаттама, «26» 03 2025 ж.)

## **МАЗМҰНЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР.....	4
3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	5
4. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	5
5. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	6
6. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ.....	7

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Академиялық сапа Кеңесі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығының 34-тармағына сәйкес өзірленді («Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының қызметін үйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 379 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
- 1.2. Академиялық сапа Кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Университеттегі оқу, оку-әдістемелік, үйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйлестіру және білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында құрылған алқалы кеңесші орган болып табылады.
- 1.3. Өз қызметінде Кеңес келесі құжаттарды басшылыққа алады:
- Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым және техникалық саясат туралы», «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Зандары;
  - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жоғары білім және ғылымды дамыту тұжырымдамасы;
  - білім беру үйымдарының қызметін үйымдастырудың үлгілік қағидалары;
  - білім беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ФЖБМ) бұйрықтары мен қаулылары;
  - Университет Жарғысы;
  - Университеттің білім сапасы саласындағы саясаты мен мақсаттары;
  - Университеттің ішкі рәсімдері мен бұйрықтары;
  - ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптары;
  - ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптары;
  - осы Ереже.
- 1.4. Бөлімшенің жұмыс тәртібі Университетте белгіленген ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес айқындалады.

## **2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР**

Кеңестің негізгі міндеттері мыналар:

- білім беру бағдарламаларын іске асырудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін үйымдастыру;
- оқу процесінің әдістемелік қамтамасыз етілуінің сапасын мониторингтеу, оқу процесінің мазмұнын талдау;
- жаңа технологияларды, оқыту әдістерін, құралдарын және білім беру процесінің нысандарын енгізу мен қолданыстағыларын жетілдіру жұмыстарын үйымдастыру;

- Университетте шыгарылатын оқу, оку-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, оқу құралдары мен басқа да материалдарды жоспарлау, сараптау және баспаға ұсыну;
- оқытушылардың шығармашылық ойлауды, дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және кәсіби шеберлігін қамтамасыз ету;
- оқытушылар ұжымының ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жетілдірудің озық тәжірибелерін жинақтау және тарату;
- білім беруді дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және оны іске асырудың басым бағыттарын қалыптастыру;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары бойынша комиссиялар құру.

### **3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3.1. Кеңестің құрылымы Басқарма Төрағасы – Университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2. Академиялық сапа Кеңесінің құрамына кіретіндер:

- Басқарма Төрағасы – Ректордың орынбасары – төраға,
- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры,
- жекелеген құрылымдық бөлімшелердің басшылары,
- факультет декандары,
- кафедра менгерушілері,
- профессор-оқытушылар құрамы.

3.3. Кеңестің қызметін басқаруды Төраға – Басқарма Төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

3.4. Кеңес мүшелері ашық дауыс беру арқылы хатшыны сайлайды.

3.5. Кеңес Төрағасы Кеңестің стратегиялық басқаруын, ішкі және сыртқы үйлестіруін жүзеге асырады, оның отырыстарын өткізді, оқу процесін ұйымдастырудағы өзекті мәселелерді күн тәртібіне енгізеді және Кеңес ұсынымдарының орындалуын бакылауды ұйымдастырады

### **4. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

Кеңестің қызметі келесі бағыттарға бағытталған:

- білім беру үдерісін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының, жұмыс жоспарларының және басқа да оқу материалдарының сараптамасын ұйымдастыру;
- элективті пәндер каталогтарын қарастыру және талқылау;
- нақты пән бойынша жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) және (немесе) жұмыс оқу жоспарының модулін талқылау және бекіту;

- оқу бағыттары бойынша академиялық комитеттің ұйымдастыруышылық-әдістемелік басқаруын жүзеге асыру, академиялық комитеттердің жылдық жұмыс жоспарларын келісімдеу;
- оқу процесіне инновациялық әдістемелер мен оқыту әдістерін, жаңа ақпараттық технологияларды, техникалық оқыту құралдарын енгізуді талдау, инновациялық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру;
- оқулыктар мен оқу-әдістемелік құралдарды, соның ішінде электрондық тасымалдағыштарда және дидактикалық материалдарда әзірлеуді ұйымдастыру;
- профессор-оқытушылар құрамы әзірлеген оқу-әдістемелік басылымдарды талқылау және баспаға ұсыну;
- оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру және озық педагогикалық тәжірибелі тарату бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, білім беру процесін цифrlандыру, сондай-ақ әдістемелік семинарлар, ғылыми-әдістемелік конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және кәсіби шеберлікті арттырудың басқа да нысандарын өткізу;
- негізгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен жетілдіру, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, соның ішінде бағалау құралдары (тест тапсырмалары және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандары) қорларын дайындау бойынша факультеттердің, жоғары мектептердің және құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру және мониторингтеу;
- студенттердің өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру, оны ұтымды жоспарлау, ұйымдастыру, өткізу және бақылау;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың білім алушылардың оқу үлгерімі мен академиялық жетістіктеріне әсерін талдау жүргізу;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мамандарға қажеттілікті болжай мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізу және деректер базасын құру;
- тұлекторді жұмысқа орналастыру және окуын жалғастыру бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу (мамандарға сұранысты зерттеу, тұлекторге сауалнама жүргізу, кәсіпорындармен байланыс орнату, тұлекторді бөлу картасын жасау, тұлектор жәрмеңкесін ұйымдастыру);
- өнірлер мен ел бойынша демографиялық, экономикалық және салалық жағдайды ескере отырып, білім беру процесін перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру;
- білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу.

## **5. ҚҰҚЫҚТАРЫ**

### **5.1. Кеңес құқылы:**

- Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар қабылдау және әзірлеу;
- Фылыми кеңесте қарау үшін ұсыныстар қалыптастыру;
- Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінен Кеңестің жұмысына қажетті ақпаратты сұрату.

### **5.2 Кеңес Төрағасының өкілеттіктері:**

- Кеңесті басқарады, оның жұмысын ұйымдастырады;
- Осы Ереженің сақталуын қамтамасыз етеді;
- Кеңес отырысының күн тәртібін бекітеді;
- Кеңес отырыстарын өткізеді;
- Кеңес мүшелерінің ұсыныстарын қарайды;
- Кеңес мүшелеріне міндеттер мен тапсырмалар бөліп береді және олардың орындалуын бақылайды;

### **5.3 Кеңес хатшысының өкілеттіктері:**

- Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын бекітуге ұсынады;
- Кеңес отырысының хаттамаларын жүргізеді;
- Кеңес мүшелеріне құжаттар мен материалдарды құжат айналымы арқылы таратуды ұйымдастырады.

### **5.4 Кеңес мүшелері келесі өкілеттіктерге ие:**

- Кеңес отырысына ұсынылатын мәселелерді дайындау барысында Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпарат пен құжаттарды алу;
- Кеңес қызметіне қатысты түрлі мәселелерді талқылауға шыгару;
- Кеңестің жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- Кеңесте қаралған құжаттар мен олардың жұмысына қажетті ақпараттарды алу.

## **6. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРИ**

**6.1** Кеңес Басқарма Төрағасы – Университет Ректорының алдында басқару саласының жай-күйі және қызметінің тиімділігі үшін жауап береді.

**6.2** Кеңес Төрағасы осы Ереженің талаптарының сақталуына жауап береді.

**6.3** Кеңес Хатшысы Кеңестің іс қағаздарын жүргізуге, құжаттардың сақталуы мен қолданылуына, Кеңес мүшелерін хабардар етуге жауапты.

**6.4** Кеңес мүшелері төмендегі жауапкершілікке ие:

- Кеңестің барлық отырыстарына қатысу, оның жұмысына белсенді араласу, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және дәл орындау;
- Алдағы отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстарды алдын ала дайындау.